

Кімге: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментіне

Орындаған: Атырау облысы Құрманғазы ауданы Сафон ауылдық округ әкімінің аппаратының бас маманы Түймәлиева Інжу Елдосқызы

Күні: 11.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Құрманғазы ауданы бойынша халық санының динамикасы:

Жастардың миграциясы және ауданның демографиялық өзгерістері.

1. Кіріспе

Құрманғазы ауданы Қазақстан Республикасының батыс бөлігінде орналасқан, экономикалық және әлеуметтік даму әлеуеті жоғары аудандардың қатарында. Дегенмен, жастардың миграциясы ауданның демографиялық құрылымына теріс әсер етіп, халық санының динамикасына күрделі өзгерістер енгізуде.

Себебі, қазіргі уақытта жастар, білім алуға, мансап құруға, кәсіби тәжірибе жинауға және өзге де себептермен инфрақұрылымы дамыған, мүмкіндіктерге ашық аймақтарға көшуде. Жастардың көшуі ауылдық аудандардың демографиялық балансын бұзуда, бұл әлеуметтік мәселелерді туындатады (мысалы, жұмыс күшінің тапшылығы, қарт адамдардың үлесінің артуы.), тұрғындардың мәдени өсуін тежейді.

Бұл ретте, Құрманғазы ауданының халық санының динамикасы әлеуметтік-экономикалық даму мен демографиялық өзгерістерді анықтайтын маңызды фактор, актуалды тақырып. Осы процесте жастардың миграциясы ерекше орын алады, себебі олар ауданның болашағын қалыптастыратын, дамуына әсер ететін негізгі күш.

Бұл аналитикалық талдаудың басты мақсаты жастардың миграциясының ауданның демографиялық өзгерістеріне тигізетін әсерін қарастыру және Құрманғазы ауданында халық санын артуына, миграция деңгейін төмендетуге, ауданда артта қалған салаларын дамыту, жастарды аудандармен ауылға тартуға жаңа идеялар мен жобаларды жасақтауға итермелеу.

2. Негізгі бөлім

Әр елдің басты байлығы біреу – оның халқы. Кез-келген елдің халқының саны мен жағдайы оның экономикалық деңгейіне, мемлекеттік қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздік тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Қазақстандағы күшті демографиялық саясаты қазіргі күні алға тартарлық ұлттық қауіпсіздік басымдылықтарын беріп отыр. Қазақстанда халық саны соңғы жылдары белгілі саяси және әлеуметтік-экономикалық себептермен үлкен өзгерістерге ұшырады.


Алайда демографиялық саясат теориясы мен тәжірибесінде, әсіресе аймақтық бөлігінде, шешілмеген проблемалар әліде көп.

Құрманғазы ауданы – Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан, тарихи және мәдени мәні зор аймақ. Соңғы онжылдықтарда аудан халқының саны мен құрылымында елеулі өзгерістер байқалуда. Халықтың демографиялық көрсеткіштері, атап айтқанда, туылым, өлім-жітім және миграция динамикасы маңызды рөл атқарады.

Яғни, бұл аналитикалық жазбада басты назар аударар терминдеріміз миграция және жастар. **Миграция** (лат. migratio — көші-қон, қоныс аудару) — адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржола қоныс тебу процесі. Ал жастар құрамын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 26 желтоқсанындағы ҚР Заңына сәйкес 14 және 35 жасқа дейінгі аралығындағы азаматтар құрайды.

Жастардың миграциясының басты себептері қандай:

– Статистика бойынша Құрманғазы ауданы 2022 жылы жастардың саны 17789 адам, 2023 жылы жастар саны 17583 адам, 2024 жылы жастар саны 16978 (әйел-8653, ерлер-8325) адам құрады. Жастардың санын азаюының себептері: көшу, әсіресе, білім алу және жұмыс іздеу мақсатында қалаға немесе басқа өңірлерге бағытталу. Бұл үрдіс ауылдық елді мекендерде жастардың қалаға, шет елдерге, әсіресе, ТМД елдерімен ауданға жақын орналасқан Ресей еліне көшуіменде байланысты, алайда бұл аудан экономикасына теріс әсерін тигізуде.




Сурет 1-Құрманғазы ауданы бойынша 2022,2023,2024 жылы бойынша халық және жастар санының статистикасы

Кесте 1-2024 жыл бойынша Құрманғазы ауданының 14-34 жас аралығындағы жастар туралы ақпарат

1	Жалпы саны	Әйелдер	Ерлер	Аудан халқының қанша процентін құрайды
2	16978	8653	8325	26,6%

-2024 жыл бойынша Құрманғазы ауданының 14-35 жас аралығындағы жастар туралы ақпаратына сүйенсек аудан жастары бойынша көші-қонның үлкен айырмашылығы 14-18 жас аралығында, 19-23 жас аралығында байқалады. 14-18 жас аралығындағы жастар төтенше жағдайдың орын алуына байланысты мемлекет атынан гранттардың көбеюінің әсері, колледж, лицей, жоғарғы оқу орнындарына түсуге жол ашса, 19-23 жас аралығындағы жастар кәсіптік даму, тұрғын үймен қамтылу, табысын арттыру, оқу бітіргеннен кейін икемді өмір сүру мақсатында, жұмыссыздықтан құтылу секілді өзекті проблемаларды басты көшу себептері ретінде көрсетеді.



Сурет 2-Құрманғазы ауданы бойынша жастардың жас аралығына байланысты көрсеткіштер

-«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы 2023 жыл бойынша жастардың арасында аудандық, ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударуының негізгі мәселелері туралы жылдық қортынды талдауын ұсынды.

Атап өтілгендей, ең алдымен жұмыспен қамту 11,8% азаматты мазаласа, табыстың төмендігі 38,9%, тұрғын үймен қамту 9,7%, аудан

мен қала арасындағы арақашықтық 9,0%, қауіпсіздік мәселесі 3,1%, білім алу мәселесі 11,2%, балаларының тәрбие алуы және даму мүмкіндіктерінің шектеулілігі мәселесі 2,2%, сапалы медициналық қызметтің қол жетімсіздігі 9,2% мәселелері жастар миграциясына әкелетін басты тетіктері екені анықталды.

Сонымен қатар қаладан ауылға 38,9% жастар жұмыс орнын ауыстырғысы келетін себептерінің ішінде ең алдымен төмен жалақы деп көрсеткен болатын. Ал, жұмыс таңдауда материалдық ынталандыру ең маңызды фактор жалақы болып табылады. Ол жұмысқа қанағаттану мен өмірдегі тұрақтылыққа айтарлықтай әсер етеді. Қажетті табыс деңгейі жас қызметкерлердің жеке жоспарларын жүзеге асыру мүмкіндігін және қаржылық тәуелсіздігін шектеп, олардың мотивациясы мен кәсіби тиімділігіне, жұмыс тәжірибесі мен мансаптық болашағына әсер етеді.

Кесте 2-2023 жыл бойынша жастардың арасында миграцияның негізгі себептері туралы жылдық талдау

№	Қалаға көшу себептері	Аудан жастарының ойлары
1	Жұмыспен қамту мәселесі	11,8%
2	Табыстың төмендігі	38,9%
3	Тұрғын үймен қамту мәселесі	9,7%,
4	Аудан мен қала арасындағы арақашықтық	9,0%
5	Қауіпсіздік мәселесі	3,1%,
6	Білім алу мәселесі	11,2%
7	Балаларының тәрбие алуы және даму мүмкіндіктерінің шектеулілігі мәселесі	2,2%
8	Сапалы медициналық қызметтің қол жетімсіздігі	9,2%

3. Халықаралық тәжірибе

Дүниежүзілік тәжірибеде ауылдық өңірлерге тарту, қызықтыру үшін әр түрлі мотивациялық, бастамашылық бағдарламалар жасақталады:

Мысалы:

Германияда ауылға жастарды тарту мақсатында «Еркін кәсіпкерлік» кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасының бірнеше негізгі ерекшеліктері мен жүйелері бар:

Бағдарлама негізінде жастарға фермерлік немесе ауыл шаруашылығы саласында жаңа кәсіптер ашуға көмектесетін семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылады. Жастар үшін арнайы гранттар мен субсидиялар ұсынылады, бұл кәсіп бастауға қажетті қаржыны қамтамасыз етеді. Жастарға бизнес жоспарларын әзірлеу, қаржы басқару, маркетинг және сату стратегиялары бойынша курстар өткізіледі. Тәжірибелі фермерлер мен кәсіпкерлер жастарға

тәлімгерлік ету үшін бағдарламаға қатысады, бұл жастарға кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама жергілікті қауымдастықтар мен ұйымдарды тарту арқылы жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға бағытталған.

Нидерланды елінде жастарды ауылға тарту мақсатында ұйымдастырылатын фестивальдар мен мәдени шаралар әр түрлі бағыттарды қамтиды. Міне, олардың кейбіреулері:

1. Ауылдық мәдениет фестивальдері

"Open Farm Days" (Ашық фермалар күні): Бұл шара кезінде жастар мен отбасылар фермерлік шаруашылықтарды аралап, ауыл шаруашылығы өнімдерімен танысады. Фермерлер өздерінің жұмысын көрсетіп, өнімдерін сатады.

2. Экологиялық фестивальдер

"Green Week" (Жасыл апта): Экологиялық тұрақтылықты насихаттайтын шара. Жастар экологиялық ауыл шаруашылығы, органикалық өнімдер мен табиғи ресурстарды қорғау туралы ақпарат алады.

3. Музыкалық фестивальдер

"Boerengrock": Ауылдық музыканттар мен жастар үшін музыкалық фестиваль. Бұл шара ауылдық мәдениетті, музыка мен өнерді біріктіреді, жастарды тарту мақсатында ұйымдастырылады.

4. Кеңес беру және нарық

"Young Farmers' Fair" (Жас фермерлер жәрмеңкесі): Жас фермерлер өздерінің өнімдерін көрсетіп, бизнес мүмкіндіктері туралы ақпарат алады. Бұл жастарды ауыл шаруашылығына тартудың тиімді тәсілі.

5. Ашық есік күндері

"Farmers' Open Days": Фермерлік шаруашылықтар мен агрокомпаниялар жастарды шақырып, өз жұмысымен таныстырады. Тәжірибелік сабақтар мен шеберлік сыныптары өткізіледі.

6. Ауылдық спорт шаралары

"Rural Sports Days" (Ауылдық спорт күні): Ауылда өткізілетін спорттық шаралар жастарды біріктіреді. Командалық ойындар мен жарыстар жастардың ауылдық ортаға қызығушылығын арттырады.

Даниядағы Eco-Youth бағдарламасы жастарды экологиялық ауыл шаруашылығына тартуға арналған. Оның негізгі ерекшеліктері мен жүйесі төмендегідей:

Бағдарлама экологиялық ауыл шаруашылығын, органикалық егіншілік және экожүйелерді сақтау туралы білім беретін курстарды қамтиды. Сонымен қатар, жастар фермерлік шаруашылықтарда тәжірибе жинақтау мүмкіндігін алады. Экологиялық жобаларды жүзеге асыру үшін жастарға қаржылық қолдау, соның ішінде стартаптарға арналған гранттар беріледі. Жастарды заманауи экологиялық шешімдер мен технологиялармен таныстыру, мысалы, органикалық тыңайтқыштар мен ресурстарды тиімді пайдалануды қарастырады.

Экологиялық мәдениетті насихаттау, жастарды біріктіру және экологиялық өнімдерді көрсету үшін фестивальдер өткізіледі. Eco-Youth бағдарламасы жастарды экологиялық ауыл шаруашылығына тарту үшін кешенді және инновациялық тәсілдерді қолданады. Бағдарлама экологиялық білім беруді, қаржылық қолдауды, тәжірибе алмасуды және қоғамдық қатысуды қамтамасыз етеді.

4. Жетілдіру жолдары

Жастардың миграциясын бақылау және оларды ауылға тарту жұмыстарын жетілдіру үшін бірнеше стратегияны қарастыруға болады:

1. Кәсіпкерлік қолдауды арттыру

Стартап инкубаторлары: Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік стартаптарға арналған инкубаторлар мен акселераторларды құру. Жастарға бизнес идеяларын дамыту, нарыққа шығу, маркетинг стратегияларын әзірлеу бойынша көмек көрсету.

Гранттар мен несие бағдарламалары: Жастарға ауыл шаруашылығы мен экологиялық жобаларды жүзеге асыру үшін гранттар мен жеңілдетілген несие беруді ұйымдастыру.

2. Білім беру және кәсіби даярлық

Жастарға ауыл шаруашылығы мен экология саласында теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды меңгерту. Фермерлік шаруашылықтарда тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру. Экологиялық ауыл шаруашылығы, органикалық егіншілік, және цифрлық агрономия сияқты бағыттарда курстар мен сертификаттау бағдарламаларын енгізу.

3. Инфрақұрылым мен қызмет көрсету

Тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым: Ауылдық жерлерде тұрғын үй құрылысын дамыту, жастар үшін қолжетімді және сапалы инфрақұрылымды қамтамасыз ету. Интернет, денсаулық сақтау, білім беру қызметтерін жақсарту.

Көлік байланысын дамыту: Ауыл мен қала арасындағы көлік қатынасын жақсарту, жастардың ауылға қатынауын жеңілдету.

4. Мәдени және әлеуметтік шаралар

Фестивальдер мен шаралар: Ауылдық мәдениетті насихаттау, жастарды біріктіру мақсатында мәдени, спорттық шаралар мен фестивальдер ұйымдастыру. Жастардың ауылдық өмірге қызығушылығын арттыру.

5. Ақпараттық науқандар

Медиа мен әлеуметтік желілер: Жастарға ауылдық өмірдің артықшылықтары, кәсіпкерлік мүмкіндіктері мен экологиялық жобалар туралы ақпарат тарату. Бұл жастардың ауылда өмір сүруге деген қызығушылығын арттырады.

Осы стратегияларды кешенді түрде жүзеге асыуының ауданның демографиясына әсері бойынша SWOT талдау төменде ұсынылады:



5. Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл аналитикалық жазбада айтылған халықаралық жетілдіру, тұрақтандыру, дамыту бағдарламалары ұсынылған болатын. Тек дамыған, инфрақұрылымы жасақталған елдерден бөлек біздің елімізде орналасқан Нағи Ілиясов атындағы ауылының даму үрдісі жастар миграциясының мәселесіне жақсы мысал болып табылады. Ауылда 2 мыңнан астам тұрғын, олардың көпшілігі күріш зауытында жұмыс істейді. Кәсіпкерлердің ауылды абаттандыруға жыл сайын 100 миллион теңге жұмсауы, жастардың ауылда қалуына ықпал етуде, жастардың басқа өңірлерге кетпей, ауылда еңбек ету мүмкіндіктерін көрсетуде.

Осындай алға даму шараларының Құрманғазы ауданында жүзеге асуы, орын алған жастардың миграциясы мен демографиялық өзгерістеріне оң әсерін беретіні мәлім. Ауданда жастардың тұрмыс жағдайларын жақсарту, жұмыс орындарын көбейту, білім беру сапасын арттыру мәселелері шешілмесе, миграция үрдісі жалғасатын болады. Сондықтан, бұл өзекті тақырып жергілікті әкімдік пен қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысын қажет етеді. Тек осындай шаралар арқылы ауданның халық санының динамикасын тұрақтандыруға және жастардың келешектегі өсімін қамтамасыз етуге болады.

6. Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 26 желтоқсанындағы ҚР Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000168>

2. stat.gov.kz сайтының статистикалық көрсеткіштері

<https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/158504/>

3. «Жастар» ғылыми зерттеу орталығының 2023 жылғы статистикасы <https://eljastary.kz/ru/src-youth/>

4. Құрманғазы ауданы бойынша 2022, 2023, 2024 жылдың статистикалық көрсеткіштері